




Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Пән атауы: “Қазақ тілінің терминологиясы”

Астана, 2022


**6-дәріс тақырыбы: Терминдерге уәждеме болатын
сөз таптары**


Қарастырылатын мәселелер:

- 1. Зат есімнің уәждеме болуы**
- 2. Сын есімнің уәждеме болуы**
- 3. Етістіктің уәждеме болуы**





Уәждеме жаңа атаулардың жасалуына, қалыптасуына негіз болатын қасиеттерін анықтауға мүмкіндік беретін, туынды бірліктерді анықтайтын заңдылық. Сөздегі уәждеме табиғатын алғаш сөз еткен **В.Гумбольдт** еңбектерінде сөздің атау болып қалыптасуына себеп, негіз, уәж болатын белгілерін атады. Негізінен алғанда, сөздің уәжділігі мен уәжсіздігі туралы ұғымды ғылыми айналымға енгізген **Соссюр** болатын. Ғалымның пайымдауынша, сөзді таңба деп алсақ, оның екі жағы болады, бірі бейне таңбаланушы, екіншісі сөздің мазмұндық жағы.





Уәждеме үрдісіне зерттеу жүргізілген профессор Б.Қасым бұл құбылысқа мынадай анықтама береді: «Уәждеме сөздің дыбыстық таңбасы мен мағынасының арақатынасын саралауды талап ететін тілдік құбылыс. Заттар мен құбылыстардың алуан түрлі белгілері, қасиеттері адам санасында олар туралы берік түсінікті қалыптастырады. Бұл түсініктер адамзат тарихының бай тәжірибесімен тығыз байланысты. Уәждеме сөздің ішкі мағыналық құрылымымен анықталады»






Терминжасам арқылы жасалған терминдердің бәрі сөзжасамдық бірліктер арқылы жасалады.

Ғалымдар терминдерді «уәжді» және «уәжсіз» деп екіге бөліп, қарастырады.

Сөзжасам мен терминжасамды іске асыратын негізгі бірліктің бірі—лексикалық бірлік уәждеме қызметін атқарып, туынды сөздің мағынасына негіз болады.



Зат есімнің уәждеме болуы

**Қазақ тілінің
терминжасам жүйесінде
зат есімнің уәждемелік
қызметі басқа сөз
таптарынан әлдеқайда
жоғары;**

**Терминдерге уәждеме
болатын байырғы
сөздерден жасалған зат
есімдер терминологияның
барлық салаларында
негізгі орын алады.**

Сын есімнің уәждеме болуы

✓ Терминжасамда сын есімнің уәждемелік қызметі туралы ғалымдардың пікірі әртүрлі. В.П.Даниленко сын есім сөздер терминологиялық сөз тіркестерінің құрамында немесе заттанған күйде термин ретінде танылады деп санайды.

- ✓ Сын есім сөздер терминжасамға уәждеме болғанда дара түрде де, күрделі түрде де қолданылады;
- ✓ Сын есім сөздердің терминжасамда уәждемелік қызмет атқаруы терминология салаларының бәріне қатысты.




Физика саласы

Дірілдеткіш, еріткіш,
жарылғыш, жарғыш, жұтқыш,
өткізгіш, суытқыш, айнымалы
деңгей, айнымалы салмақ, жақын
сәулелер

Әскери сала

Салтанатты жүріс, бос орын, еркін
жүріс, жүзбелі база, келте зеңбірек,
ерікті адам, атқыш зеңбірек.



Етістіктің уәждеме болуы

- ✓ Етістіктің терминжасамдағы уәждемелік қызметі сын есімнің уәждемелік қызметіне қарағанда белсенді. Бірақ, ол етістіктің барлық түріне қатысты емес. Терминжасамға негізінен қимыл атаулары уәж болады.

Етістіктің уәждеме болуы

Әскери сала	Айыптау, айыру, алмастыру, ауыздықтау, анықтау, араласу, ату, атысу, аялдау, бақылау, бағыну, бағындыру, байланыстыру, барлау, бомбалау, бірігу, дәлдеу, жаралау, жасыру және т.б
Физика, астрономия салалары	Ағыла өту, айналу, айну, алмасу, ауытқу, алмастыру, баяулату, бекемдеу және т.б
Химия саласы	Ағарту, айдау, айналу, айыру, арилдеу, аса суыту, ауысу, әктеу, бейтараптау, борлау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ грамматикасы. — Астана: Елорда, 2002. — 784 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 775-б.
3. Даниленко В.П. Лингвистические требования к стандартизуемой терминологии. — М.Наука, 1972 . – С.5-33
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998.





НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

